

## Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 23 мамырдағы № 191-VIII ҚРЗ

Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 11 қарашада Самарқандта жасалған хаттама осы Хаттаманың 10-бабын түсіндіру туралы мынадай мәлімдемемен ратификациялансын:

"Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманың 10-бабында көрсетілген құрылымдарға Түркі мемлекеттері үйімы жаңындағы байқаушы мәртебесінің берілуі Қазақстан Республикасының мұндай құрылымдарды мемлекет ретінде де, халықаралық құқықтың өзге субъектілері ретінде де тану актісі болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы осындай құрылымдар өкілдерінің Түркі мемлекеттері үйімы шеңберінде Қазақстан Республикасында өткізілетін іс-шараларға қатысуы туралы шешім қабылдау құқығын өзіне қалдырады.".

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К. ТОҚАЕВ